

Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының м.а. 2020 жылғы 13 наурыздағы № 72 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрілігінде 2020 жылғы 27 наурызда № 20181 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2022 жылғы 9 қарашадағы № 397 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 09.11.2022 № 397 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Стратегия және жедел басқару департаменті (Штаб) заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрілігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

О. Бектенов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Цифрлық даму,

**инновациялар және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі**

Қазақстан Республикасы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс - қимыл агенттігі
(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
қызмет) төрағасының
2020 жылғы 13 наурызы
№ 72 бұйрығымен бекітілді

Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесі

№	Ашық деректер жинағының атауы	Жаңғырту мерзімділігі	Ақпаратты ұсыну мерзімі	Дерекөз (Ашық деректер интернет-порталының автоматтандырылған жұмыс орны (бұдан әрі - АЖО) арқылы немесе мемлекеттік органның Application Programming Interface жүйелері арқылы)	Жауапты құрылымдық бөлімше
1	Агенттіктің құрылымы	өзгеру шамасына қарай	өзгеру шамасына қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Кадр жұмысы департаменті
2	Агенттіктегі бос лауазымдар туралы ақпарат	б о с лауазымдарға орналасуға конкурс жариялануына қарай	б о с лауазымдарға орналасуға конкурс жариялануына қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Кадр жұмысы департаменті
3	Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл агенттік (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) басшылығының азаматтарды қабылдау кестесі	тоқсан сайын	есепті кезеңнен кейінгі айдың 15 - күніне	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Стратегия және жедел басқару департаменті (Штаб)

4	Агенттіктің стратегиялық жоспары	жыл сайын	есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Стратегия және жедел басқару департаменті (Штаб)
5	Агенттіктің Стратегиялық жоспарын іске асыру туралы есеп	жыл сайын	есепті кезеңнен кейінгі 25 ақпанға	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Стратегия және жедел басқару департаменті (Штаб)
6	Анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы ақпарат	тоқсан сайын	есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Стратегия және жедел басқару департаменті (Штаб)
7	Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша ақпарат	тоқсан сайын	есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Стратегия және жедел басқару департаменті (Штаб)
8	Халықаралық шарттардың тізбесі	өзгеріс шамасына қарай	өзгеру шамасына қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Серіктестік департаменті
9	Агенттік желісі бойынша өткізілетін халықаралық іс-шаралар туралы ақпарат	тоқсан сайын	есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Серіктестік департаменті
10	Жобалау кеңселерінің жұмысы, адалдық алаңы және Protection Business and Investments туралы ақпарат	тоқсан сайын	есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Парасаттылық департаменті
11	Халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі қызмет туралы ақпарат	тоқсан сайын	есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Парасаттылық департаменті
12	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы	тоқсан сайын			Превенция департаменті

	мониторинг жүргізу нәтижелері		есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	
13	Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынымдарды орындауы мониторингінің нәтижелері	жарты жылда 1 рет	есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Превенция департаменті
14	Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау нәтижелері туралы ақпарат	тоқсан сайын	есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Превенция департаменті
15	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау себептері мен жағдайларын жою бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 200-бабы тәртібімен ұсынымдарды қарау нәтижелері туралы ақпарат	тоқсан сайын	есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күніне	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	1 департамент

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК